

ӘӨЖ 556.18+338.48

Геогр. ғылымд. кандидаты

А.М. Сергеева¹

Геогр. ғылымд. докторы

Ә.Ғ. Көшім²

Геогр. ғылымд. докторы

Қ.Т. Сапаров³

КАСПИЙ ТЕҢІЗІ МЕН ОНЫҢ ЖАҒАЛАУЫН ТАБИҒИ-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН БАҒАЛАУ

Ключевые слова: гидрологиялық режим, су туризмі, су алабы, климаттық жағдай, туристік аудандар, рекреациялық ресурстар, тұздылық, өзен

Қазақстан мұхитпен шектеспейтін болғандықтан туризм мақсатында ішкі су алаптарын зерттеу маңызды. Сондай нысанның бірі – бұл туризмде толық пайдаланылмайтын Каспий теңізі. Осыған байланысты жұмыстың негізгі мақсаты – Каспий теңізінің гидрологиялық жағдайын туристік-рекреациялық бағалау. Жұмыста Каспий теңізінің туризмді дамытудағы су-ресурстық әлеуетінің ерекшеліктері, рекреациялық мүмкіншіліктері жан-жақты талданды. Сондай-ақ, Каспий теңізінің физикалық-географиялық жағдайы, гидрографиясы, климаттық ерекшелігі сипатталды. Теңіз алабы туризм мен демалысты дамытуға мүмкіндік беретін алуан түрлі табиғат ресурстармен жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілген. Мұнда емдік-шіпажайлық рекреация мен жағажайлық демалыстан бастап көпшілік сипаттағы туризмнің барлық түрлерін ұйымдастыруға қажетті жағдайлар бар. Жұмысты жазу барысында салыстырмалы географиялық, статистикалық әдістер қолданылды. Каспий жағалауындағы елдердің туристік-рекреациялық сипаттамасы берілді.

Европа мен Азия арасында орналасқан Каспий теңізі – әлемдегі тұйық кеңістіктегі ең ірі алап. Ол солтүстіктен оңтүстікке қарай 1030 км астам қашықтыққа созылса, ені – 200-ден 400 км дейінгі көлемді қамтиды.

¹Қ. Жұбанов атын. АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан

²әл-Фараби атын. ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан

³Л.Н. Гумилев атын, ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Теңіздің ауданы оның деңгейіне байланысты өзгеріп отырады, 1996...2010 жж. арасында ол орташа шамамен алғанда 392600 км² құрады. Ендік ерекшеліктерге байланысты физикалық-географиялық айырмашылықтарды ескере отырып теңізді әдетте Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Каспий болып бөлеміз. Солтүстік Каспий – таяз, оның тереңдігі 20 м аспайды. Орта және Оңтүстік Каспийдің тереңдіктері сәйкесінше 788 және 1025 м [7].

Каспий теңізі оқшауланған су алабы ретінде өзіне тән гидрологиялық режимге ие. Теңіз режимінің ерекшелігін мынадай факторлар анықтайды: климаттық жағдайы, өзен ағыны, теңіз тереңдігі және теңіз түбінің жер бедері, жергілікті жер бедері, жағалау сипаты [17].

Каспий теңізінде 1980 жылға дейін жалпы ауданы 350 км² құрайтын 50-ге жуық шағын аралдар болды. Олардың ішіндегі неғұрлым маңыздылары: Құлалы, Чечень, Артем, Жилой, Огурчинский және т.б. Аралдардың ауданы теңіз деңгейінің тербелісінен өзгеріп отырады [10].

Тұрғындардың демалысын ұйымдастыруда көлдер мен су қоймалары ерекше орын алады. Олар ландшафттардың көріктілігі мен тартымдылығын біршама арттырып, алуан түрлі рекреациялық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ұзақ мерзімді демалыс мекемелерінің 85...90%, қысқа мерзімді демалыс мекемелерінің 90...95% көлдер мен су қоймаларының жағалауларында шоғырланған. Көлдерді рекреациялық пайдалану мақсатында оңтайландыру үшін олардың аквальды-аумақтық кешендерін (ААК) немесе су нысандарының жеке телімдерінің рекреациялық құндылықтарын бағалау жұмыстарын жүргізеді. Көлдердің рекреациялық әлеуетін бағалаудың бастапқы сатысы демалыстың жеке түрлерін дамытуға қолайлылығын бағалауды көздейтін жұмыстар жасау. Бағалау барысында алынған нәтижелерге негізделіп көлдер мен су қоймаларының ААК рекреациялық құндылықтары анықталады [13].

Зерттеу жұмысының барысында туристік-рекреациялық аудандастырудың әртүрлі деңгейін қалыптастыруға ықпал ететін климат пен гидроминералдық ресурстардың рекреациялық іс-әрекеттерге қолайлылығы, басқа да алғышарттар басшылыққа алынды.

Каспий теңізі алабы туризм мен демалысты дамытуға мүмкіндік беретін алуан түрлі табиғат байлықтарымен жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілген. Мұнда емдік-шипажайлық рекреация мен жағажайлық демалыстан бастап көпшілік сипаттағы туризмнің барлық түрлерін

ұйымдастыруға қажетті жағдайлар бар. Каспий теңізі жағалауында қазіргі заманғы туристік кешендерді қалыптастыру үшін аймақтың ерекше тарихи ескерткіштері де маңызды. Мәселен, Дербент қаласындағы дүниежүзілік мәдени мұра нысандары [1]. Осындай тарихи-мәдени нысандар Каспий жағалауындағы әрбір мемлекетте бар.

Қазіргі заманғы Каспий пішіні және өткен геологиялық кезеңі батысында Қара және Азов теңіздерін, шығысында Орта Азияның үлкен бөлігін алып жатқан ішкіконтинентальді Тетис мұхитының кішігірім бір бөлігі. Алайда, Каспий теңізінің көлемі қазіргісінен де кіші болғаны белгілі. Ал Каспий теңізінің плейстоцен мен голоцен аралығындағы су ауданы мен көлемінің өзгерістері Варущенко С.И. еңбегінде берілген [3].

Теңіздің солтүстігіне Волга, Жайық сияқты ірі өзендер құяды. Олардың жиынтық ағыны Каспий теңізіне келетін жылдық өзен ағынының 88%-ға жуығын құрайды. Батыс жағалауында Сулак, Терек, Кура және басқа ұсақ өзендер құяды. Олар жылдық ағынның 7%-ын құрайды. Өзендердің жылдық ағынының 5%-ы Иран жағалауындағы өзендердің (Горган, Хирад, Сефидруд) үлесіне тиеді. Каспийдің шығыс жағалауында тұрақты су ағындары жоқ [5].

Теңіздің гидрологиялық режимінде теңіз тереңдігі мен түбінің жер бедері маңызды орын алады. Теңіздің терең сулы бөліктері жазғы уақытта жылудың жинақталуына мүмкіндік береді, ал оның ағыны қыста су температурасының таралуына күшті ықпал етеді.

Солтүстік Каспийдің жағалаулары құрғақ қайраңмен көмкерілген, тереңдік шамалары 2...3 м таяздықта – 10 м мен 70 км арасындағы қашықтықта созылып жатыр. Жайық өзенінің сағасы мен Маңғыстау шығанағының арасында тереңдігі 5...8 м жететін Орал жыралық аймағы деп аталатын ауқымды ойпат орналасқан. Теңіздің солтүстік бөлігінің түбі оңтүстікке қарай еңкіш, оны құм мен бақалшақ қабаты жауып жатыр. Сағалық бөліктер көптеген өзендер барқындарына толы, олар көптеген қайраңдарды құрайды, сондықтан, Солтүстік Каспий түбінің рельефі аса күрделі. Теңіз деңгейінің ауытқу амплитудалары жоғары болғандықтан Каспий теңізінің жағалау аймағының морфологиялық құрылымының басты ерекшелігі регрессиялар маусымындағы су деңгейлеріне тәуелді болатын жағалайлардың, өзен арналары мен сағаларының реликтілік формаларының кездесуі. Бұл әсіресе көптеген реликтілік арналары бар Солтүстік Каспий рельефінен көрінеді. Орта Каспийдің батыс жағалаулары Махачкала қаласына дейін ойпатты. Мұнан әрі оңтүстікке, Баку қ. дейін теңіз сызығын

бойлай оған жақын жерлерде Кавказ тауларының сілемдері созылып жатыр. Тау аңғарлары мен жағалау арасын тар жазықтық алап алып жатыр. Теңіз жағалаулары көп жағдайда аккумулятивті, тек Дағыстан мен Апшерон жағалауларының жекеленген бөліктерінде ғана – амброзивті. Батыс жағалауларда ірі Терек, Сулак, Самур өзендерінің ірі аңғарлары орналасқан.

Орта Каспийдің шығыс жағалауы батыс бөлігіне қарағанда айтарлықтай төмен және оларға өзен ағындары құйылмайды. Орта Каспийдің шығыс жағалауынан теңізге қарай тереңдеп түбектер мен айрықтар еніп, олардың арасында теңізге қарай шығанақтар кіріп жатыр. Каспийдің ең үлкен шығанағы – Қара-Бұғаз-Гол. Шығыс жағалауларда іргелес жатқан шөл және шөлейт үстірттерді құрайтын, ізбестастан тұратын абразионды жағалаулар басым. Орта Каспий шегінде қайраң, материктік ылди мен қазан шұңқыр көрініс табады. Оның тереңдігі солтүстік бөлігінде 15...25 м шамасында. Оңтүстікке қарай олар біртіндеп, ал кейін 50 м изобатадан бастап, әсіресе, максималды тереңдігі 790 м шамасында болатын батыс жағалауға қарай ығысқан Дербент шұңғымасына қарай күрт артады. Екі бірдей жағалауды бойлай жіңішке алап болып 20 м тереңдік аймағы созылып жатыр, ол тек Апшерон түбегінде ғана 30 км қашықтықта изобата жағалаудан 30 км шамада. Оңтүстік Каспий ауданы 148,5 мың км² және альпілік қатпарлы саласына жататын күрделі рельефі мен ең терең ойыстары бар (максималды 1025 м, орташа – 344 м) аумаққа ие [2].

Оңтүстік Каспийдің түбі мен қайрандық аумағының рельефі көптеген лайлы жанартаулармен және тектоникалық көтерілімдермен күрделенген. Оңтүстік Каспий жағалаулары әр алуан. Баку қ. батысқа қарай, Алят мүйісіне дейін жағалауды бойлай, Кавказ тауларының оңтүстік-шығыс сілемдері созылып жатыр. Оларды оңтүстікке қарай Кура-Аракс ойпатының жартылай шөлейтті құрғақ далалары ауыстырады. Ленкоран маңында таулар қайтадан жағалауға жақындап, тар Талыш жотасы мен теңіз арасындағы мойнақты құрайды. Батыс жағалауды бойлай, Баку қолтығынан 130 шақырымға дейін Баку архипелагының аралдары созылып жатыр. Теңіздің оңтүстік жағалауы Эльбрус таулы жотасымен шектелген. Ішінара таулар теңізге жақындайды, бірақ олар көп ретте 30...50 км қашықтықта орналасқан. Ең биік Демавенд тауы 5630 м жетеді. Ленкораннан оңтүстікке қарай және жалпы Иран жағалауының барлығы (ең шеткері оңтүстік-шығыстан басқа) ормандарға және цитрус, құрма, анар, жеміс ағаштарына толы. Эльбрустың солтүстік сілемдері қалың

субтропикалық ағаштарға толы. Оңтүстік Каспийдің шығыс жағалаулары солтүстіктегі Челекен түбегіне дейін ойпатты, жағалауда құмдауытты шөлдер басым. Солтүстікке қарай екі – Түрікменбашы (Красноводск) және Түрікмен шығанақтары бар, олар Челекен түбегімен бөлінген. Шығанаққа жақын жерде бірнеше аралдар орналасқан. Астара қаласынан Гасан Голи елді мекенінен дейінгі Иран жағалауының ұзындығы шамамен 620 км жуық. Жағалаудың жазықтық бөлігінің ені орталық бөліктегі 1 км бастап, Сефируд және Горган өзендерінің аңғарына дейін 50...60 км құрайды. Әкімшілік тұрғыдан алғанда жағалау жазығы батыс бөлікте Гилан (Астарадан Чабоксарға дейін), ал шығыс бөлікте Мазандеран (Рамсардан Гасан Голиге дейін) деп аталады. Иран жағалауында тау бөктерлері мен плейстоцендік террасалар, ежелгі жыралар, ойпаттар, жағалау жоталарын және су астылық жағалау бөктерін бөліп қарауға болады [11]. Су астылық жағалау бөктерінің еңкіштілігі (теңіздің 100 м тереңдігіне дейін) Хаштпара және Горгана аудандарында 0,0005, ал жағалаудың орталық бөлігінде 0,01 дейін өзгереді. Су астылық бөктердің 10 м тереңдіктегі еңкіштілігі картографиялық мәліметтерге сәйкес 0,01...0,0007, ал жағажайлық аумақта 0,06-дан 0,004 дейін өзгереді [12]. Каспийдің Иран жағалауындағы қазіргі жағалау сызығы өте қарапайым, аз тілімделген, өзен аңғарларымен және шығанақтар аз кездеседі. Каспийдің Иран жағалауындағы ең ірі өзен атырауы Сефируд өзенінің атырауы (ескі және жаңа), ал одан көлемі шағындары Гиландағы Карганруд пен Полруд шағын өзендері, ал жағалаудың Мазандер бөлігіндегі Чалус, Чешмекиле және Горганруд болып табылады. Энзели шағын мүйісі мен Горган шығанағы теңізден құмдауыт шағылдармен бөлінген. Каспий теңізіне Иран жағалауынан 40-тан астам шағын өзендер келіп құяды. Барлық дерлік өзендер Эльбрус жотасының солтүстік беткейінен басталады. Өзен бастаулары өсімдік жабындысы сирек таулы аудандарда орналасқан, онан төменірек өзендер орманды аумақтар арқылы өтеді (әдетте ормандармен су жинау аумақтарының 50-55% қамтылған), ал жағалау бойындағы аккумулятивтік жазығы арқылы теңізге келіп құяды. Иран жағалауының өзендерінің су жинақтау ауданы жалпылама алғанда 163,4 мың км² құрайды. Иран өзендерінің бір бөлігі Түрікменстан мен Әзірбайжан аумақтары арқылы өтеді. Ең ірі өзен – Сефируд – Манджид тауы маңында Шахруд және Гезедузан өзендерінің қосылысынан пайда болады. Өзеннің ұзындығы 800 км жетеді. Барлық дерлік ірі өзендерде су қоймалары салынған, сондықтан, олардың сұйық және қатты ағындары соңғы 50 жыл ішінде айтарлықтай

қысқарған. Ирандағы жағалау аймағының жағажайлық бөлігін құрайтын үйінділердің құрамына байланысты жағалаудың үш түрін: қиыршықты-малтатасты (батыс Мазандеран), құмдауыт (Гилан мен орталық Мазандеран жағалаулары), құмдауыт-алевритті (шығыс Мазандеран) деп бөліп қарауға болады. Су астылық жағалау бөктерінің жіңішке жолағы изобаталардың 15...20 м дейін құмнан құралған, ол тереңірек қарасақ, ірі алеврит пен пелитке ауысады. Жағалау жазығының көп бөлігі ауыл шаруашылығына белсенді пайдаланылып, оларда күріш, шәй плантациялары, жібек тұт ағашының тоғайлары, бақшалық дақылдар орналасқан, сол себепті ылғал жалпақ жапырақты ормандар тек тау аңғарларында ғана сақталып қалған [11].

Каспий теңізінің тұздылығы мұхиттың тұздылығынан айқын ерекшеленеді. Тұздың үлесі материктік ағындар мен өзен тасындыларына байланысты болады [16, 17]. Өзен атырауларында, Волга өзенінің сағасында 1 л суда 1...3 грам тұз сәйкес келеді. Теңіздің Орта және Оңтүстік бөліктерінде орташа тұздылық 12...14‰ немесе 1 л суда 12...14 гр тұз, шығыс жағалауында тұздылық 2...3‰-ге жоғары. Қара-Бұғаз-Гол шығанағында тұздылық мөлшері жоғары, 35‰-ге жетеді [16].

Каспий теңізі солтүстікте континентті, батыста қоңыржай жылы, оңтүстік-батыста субтропикалық ылғалды және оңтүстікте шөлді климаттық аймақтардың ықпалында жатыр. Климаттық аймақтардың алуан түрлілігі Каспий теңізінің алабындағы синоптикалық үдерістердің дамуы мен ауа райының маусымдық ерекшеліктерінен көрініс табады. Каспий теңізі мен оның су жинақтау алабының үстіндегі атмосфераның циркуляциясын анықтаушы қысым орталықтары болып, қыста Азиялық максимумның сілемі болса, жазда Азор максимумының жотасы табылады. Теңіздің барлық акваториясы үшін радиациялық баланстың көлемі орта есеппен 60 ккал/см² құрайды. Артық жылу қарқынды жылу алмасуға және атмосферамен қарқынды конвективті жылу алмасуға негіз болады. Барлық акватория үшін жылу балансы наурыздан қазанға дейінгі аралықта ең жоғары мөлшерде болады және маусым-шілде айларында шарықтау шегіне жетеді (11...12 ккал/см²). Жылу балансы тек желтоқсанда ғана кері мәнге ие болады (1...2 ккал/см²). Қыста теңіз акваториясының басым бөлігі Сібір антициклоны ықпалында болады. Қысқы маусымдағы Армян және Иран таулы үстірттерінен қысым максимумының болуы теңіздің оңтүстік бөлігінде қысымның ішінара артуына көмектеседі. Теңіздің орта бөлігінде температурасы әртүрлі ауа ағындарының түйісу аймағы түзіледі, бұл өз

кезегінде қыс мезгілінде циклондық циркуляцияның дамуына әкеліп, Қара және Жерорта теңіздерінен оңтүстік циклондардың шығуы байқалады. Көктемгі маусым үшін синоптикалық үдерістердің үлкен өзгермелілігі мен ауа массаларының жиі ауысулары тән. Жазда температуралық қайшылықтар қалыпқа келіп, циркуляциялық үдерістер әлсірейді. Каспий теңізінің бетіндегі синоптикалық үдерістер батыста солтүстік атланттық ауытқулар ықпалында болады. Орал және Кавказ таулары шығыс пен оңтүстіктен келетін ауа массаларына кедергі болып, Каспий алабына климат түзуде үлкен ықпал етеді. Алаптың көп бөлігі салыстырмалы түрде жазы жылы және қысы салқын қоңыржай климаттық белдеуде, ал ең шеткі оңтүстік бөлігі субтропикалық белдеуде орналасқан, оларда батыс аудандардың ауа-райы жазда ашық және тымық, қыста жаңбырлы және желді, ал шығыс аудандардың жазы құрғақ әрі ыстық, ал қысы салыстырмалы түрде салқын [4].

Каспий теңізінің солтүстігі жазы жылы (маусым-тамызда солтүстік-шығыс бөлігінде орташа 24...25°C) және қысы салқын (желтоқсаннан ақпанға дейін солтүстік-шығыс бөлікте орташа есеппен – 5...6°C) континенталды климатқа ие. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 95...125 мм (аздап Атырауда – 173 мм және Форт-Шевченкода – 172 мм жоғарырақ)[15]. Маусымдық ауытқулар айтарлықтай болмағанына қарамастан жауын-шашын мөлшері жылдан жылға ауытқып отырады. Қазақстандық Каспий теңізінің ауданы екі бөлікке: Солтүстік Каспийдің шығыс бөлігі мен Солтүстік Каспийдің орта бөлігіне бөлінеді. Солтүстік Каспийдің шығыс бөлігі таяз, ойпаттық жағалауы мен түптік еңістері шағын. Мұнда орташа тереңдік 2 м. Теңіз түбінің рельефі қайраңдар, аралдардың болуымен күрделенген. Ол гидрологиялық режимі континенталды, аридті климат жағдайларында қалыптасатын Жайық және Волга өзендерінің су ағындарымен нақтыланатын жартылай тұнық су қоймасы. Ол шын мәнінде Орта Каспий суларының ықпалынан бөлек жатыр, тұздылығы салыстырмалы төмен. Солтүстік Каспийдегі судың тұздылығы 0,2...2,0 промилleden (Волга атырауы) теңіздің терең бөлігінде 9...11 промиллеге дейін жетеді. Каспий теңізінің орта бөлігінде теңіз тұздылығы 13...15 промиллені құрайды [6, 9].

Каспий теңізінің солтүстік-шығыс таяз бөлігі жыл сайын қатады, орта бөлігінде мұз теңіз жағалауларында тек қатты қыс кезінде ғана пайда болады. Салқын және аса қатты салқын қыстарда тұтас мұздар 20 м изобатаға дейін түзілуі мүмкін. Қаттылығы орташа қыстарда Солтүстік

Каспийдегі мұз жабындысы 3...4 ай сақталады. Аномалиялы салқын қыстар кезінде мұзды маусым 4...6 айға дейін, ал аномалиялы жылы қыстарда Солтүстік Каспий акваториясының көп бөлігіндегі мұз жабындылары 2...3 айдан аз уақыт сақталады. Н.И. Ивкина зерттеулері бойынша Пешной гидрометеорология стансасының мәліметтеріне сәйкес, мұз басу маусымының ұзақтығы 2005 жылдан 2015 жылға дейінгі аралықта 156 күннен (2011...2012 жылдың қатты қысы) 96 күнге (2003...2004 жж. жылы қысы) дейін жеткен. Бұл ретте Каспий теңізінің түрлі бөліктері үшін мұз басудың ұзақтығының әркелкі екендігін айта кеткен жөн [9].

Каспий теңізіне толқындану секілді құбылыс тән. Бұл атаумен тайыз жердегі толқын жотасының оның алдында орналасқан қойнауға аударылып түсу жолымен ішінара бұзылуы аталады. Толқын жоталарының аударылуы жағалауда болатын соқпа толқынға қарағанда көбікті толқындар жағадан алыста жатқан қайраңдар үстінде байқалады. Каспий теңізінде жел толқындарының және ұсақ толқындардың әрекеті солтүстік-шығыс қайраң бетінен жақсы байқалады. Каспий теңізінің таяз бөлігінде толқындар түзу үшін қосымша фактор болып теңіз тереңдігі мен түбінің рельефі әсер етеді [8].

Каспий теңізіндегі ағыстардың режиміне ықпал ететін жетекші факторлар: жел, өзен ағысы, теңіз түбіндегі жер бедері, жағалаудың конфигурациясы. Таяз сулы аудандарда ағыс бағыты сол аймақтағы соғатын желдің бағытына сәйкес келеді. Терең сулы аудандардағы ағыс бағыты желдің бағытынан ауытқиды. Теңіздің солтүстік бөлігіндегі ағыстардың бағыты тұрақты.

Қазіргі кезде Каспий теңізінің жағалауын бес мемлекет игеріп отыр. Теңіз тек мұнай-газ өнеркәсібіне ғана емес туризм саласында да үлкен сұранысқа ие болып келеді.

Кесте 1

Каспий жағалауындағы елдердің туристік-рекреациялық сипаттамасы (авторлардың құрастыруымен)

Мемлекеттер	Жағалаудың туристік-рекреациялық сипаттамасы	Туристік аудандар
Ресей Федерациясы	Ресейдегі туристік маусым маусым айынан қыркүйекке дейін созылады. Судың қызу температурасы шілде айында +22,3 °С-ге дейін жетеді. Тек Дербентте суға түсу маусымы мамыр айының	Махачкала, Дербент, Каспийск, Избербаш, Лагань, Астрахань

Мемлекеттер	Жағалаудың туристік-рекреациялық сипаттамасы	Туристік аудандар
Қазақстан	<p>ортасынан қыркүйек айының ортасына дейін созылған. Ресейлік Каспий аймағы негізінен тек суға түсуге ғана емес, балық аулау, туризмнің белсенді түрлерін дамытуға да қолайлы.</p> <p>Қазақстанда Маңғыстау облысының қалалары туристік мақсатта пайдаланылады. Жаз айлары туризм үшін ең қолайлы кезең болып саналады. Теңізге түсу маусымы маусым айынан бастап тамыз айының аяғына дейінгі аралықты қамтиды. Шілде айында +24 °С-ге дейін жетеді.</p>	Ақтау, Форт-Шевченко, Кендірлі аймағы
Әзірбайжан	<p>Каспий теңізінің әзірбайжандық бөлігі жұмсақ климатымен ерекшеленеді. Субтропиктік климат бұл аймақта туризмді қарқынды дамытуға мүмкіндіктер береді. Сәуір айынан басталған туристік маусым айының ортасына дейін созылады. Жағажайдың басым көпшілігі құмды.</p>	Баку, Худат-Ялама; Набрань; Абшерон: Мердакан, Бильгя, Бузовна, Зугульба, Сурахан, Ленкоран-Астарин
Түрікменстан	<p>Жылдың барлық маусымында жылы. Бірақ ең қолайлы мезгіл мамыр – қыркүйек айлары. Бұл кезде су температурасы 25...30 °С-ді көрсетеді. Жалпы су температурасы наурызда +12 °С болса, қарашада +20 °С. Қазір бұл арнайы туризм зонасы орналасқан аймақ.</p>	Аваза, Туркменбаши
Иран	<p>Туризмді дамыту үшін басқа мемлекеттердің жағалауларымен салыстырғанда аса қолайлы болып саналады. Қыс айларында +10 °С; жаз айларында +27 °С. Жауын-шашын айларында көп түседі, бірақ жерортатеңіздік циклон әсерінен жаз айларында да жауын-шашын болып тұрады. Тамыз айындағы судың температурасы +28 °С, ал қазан-қараша</p>	Гилян провинциясы, Мазандеран провинциясы: Рамсар, Ноушахир; Гулстан провинциясы

Мемлекеттер	Жағалаудың туристік-рекреациялық сипаттамасы	Туристік аудандар
	айларында +17 °С. Сондықтан жылдың барлық маусымы өте қолайлы. Балық аулау, туризмнің белсенді түрлері қарқынды дамыған.	

1-ші кестеде Каспий жағалауындағы елдердің туристік-рекреациялық сипаттамасы берілген. Алайда Каспийдің барлық жағалауы туристік-рекреациялық тұрғыдан тиімді болып саналмайды. Каспий теңізінің 600 км-дей жағалауын Ресейде туристік мақсатта қолданады. Теңіз жағалауын жағажай ретінде барлық маусымда қолдануға климаттық жағдай мүмкіндік бермейді.

Каспий теңізінде жағажайлық туризмді дамытуға құмды жағалаулары мен тұнбаларының құрамында адам ағзасына пайдалы минералды заттарға бай емдік батпақтар, өзіне тән өсімдіктер мен жануарлардың болуы, т.б. ықпал етеді [14].

Қорыта келгенде, Каспий теңізінің жағалауында туризмді дамыту жер бедерінің ерекшеліктеріне, климаттық жағдайына тікелей байланысты. Әрбір аудан немесе аймақтың рекреациялық құндылығына, табиғат кешендеріне түсірілетін салмақтың тұрақтылығына және басқа да факторларға тәуелді болатын табиғатты рекреациялық пайдалану қарқынының тиістігі бір деңгейі болуы тиіс. Олардың қатарына негізінен рекреациялық іс-әрекеттердің қандай да бір түрлерінің нышаны, ерекшеліктері, сипаты, рекреациялық аудандарға рекреанттардың бөліну заңдылықтары жатады.

Каспий теңізі мен оның жағалауын табиғи-рекреациялық тұрғыдан бағалау барысында мынадай қорытындыларға келдік:

1. Каспий теңізін туристік-рекреациялық аймақ ретіндегі ерекшеліктері - теңіз суы жұмсақ және кальций мен сульфаттарға байлығы, биологиялық ресурстарының алуан түрлілігі;

2. Қолайлылығы жоғары ауа райында туризммен айналысу белгілі дәрежеде шектелуі мүмкін. Қолайсыз ауа-райы демалыстың барлық түрлерін шектейді. Жиналған деректерге жасалған талдаулар Каспий теңізінде метеорологиялық жағдай маусым мен қыркүйек аралығында қолайлы екенін көрсетеді;

3. Каспий теңізін рекреациялық мақсатта жағалауындағы барлық мемлекет пайдаланады. Бірақ мемлекеттердің арасында теңіз жағалауын туризмде тиімді пайдалануда Әзірбайжан алдыңғы орын алады.

Каспий теңізін туристік-рекреациялық бағалау туризм мен рекреацияны дамытудың келешектегі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Теңізі алабының туристік-рекреациялық әлеуеті табиғатқа бағытталған, танымдық, спорттық, емдеу-сауықтыру туризмінің әртүрлі түрлерін дамытуға қолайлы. Каспий теңізінің табиғат кешендерін қорғау және тиімді пайдалану, рекреациялық ресурстарды қажеттілікке сай оңтайлы пайдалану қазіргі кезеңдегі көкейкесті мәселелердің бірі.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Аванесян М.М. Формирование Каспийского рекреационного района. Современные научные исследования и инновации. 2012. – № 2 [Электронный ресурс]. URL: <http://web.snauka.ru/issues/2012/02/7733> (дата обращения: 26.03.2019).
2. Аманниязов К.Н. Каспийское море. – Алматы: «Қазақ университеті», 1999 – 110 с.
3. Варущенко С.И., Варущенко А.Н., Клиге Р.К. Изменение режима Каспийского моря и бессточных водоемов в палеовремени.– М.: Наука, 1987. – 239 с.
4. Водный баланс и колебания уровня Каспийского моря. Моделирование и прогноз // под ред. Е.С. Нестерова. – М.: Триада лтд, 2016. – 378 с.
5. Воропаев Г.В., Красножон Г.Ф., Лахиджани Х.К. Сток рек и устойчивость Иранского побережья Каспийского моря // Водные ресурсы. – 1998. – Т. 25. – № 6. – С.747-758.
6. Гидрометеорология и гидрохимия морей, том VI. Каспийское море, вып. 1. Гидрометеорологические условия. – 1992. – СПб: Гидрометеоиздат. – 359 с.
7. Гинзбург А.И., Костяной А.Г. Тенденции изменений гидрометеорологических параметров Каспийского моря в современный период (1990-е – 2017 гг.) // Современные проблемы дистанционного зондирования Земли из космоса. – 2018. – Т. 15. – № 7. – С.195–207.
8. Ивкина Н., Галаева А.В. О применении спектральной волновой модели SWAN для прогноза волнения на Каспийском море // Водные ресурсы Центральной Азии и их использование: Матер. Междунар. научн. практ. конф., посвященной подведению итогов объявленного ООН десятилетия «Вода для жизни». – Алматы: 2016. – С.103-107.

9. Ивкина Н., Наурузбаева Ж., Клове Б. Влияние изменения климатических условий на ледовый режим Каспийского моря // Центральноазиатский журнал исследований воды. – 2017. – № 3(3). – С.15-29.
10. Касымов А.Г. Каспийское море. – Ленинград: Гидрометеоизд., 1987. – 187 с.
11. Лахиджани Х.К., Красножон Г.Ф. Сток рек иранского побережья в Каспийское море // Метеорология и гидрология. – 1998. – № 11. – С. 100-102.
12. Леонтьев О.К., Маев Н.Г., Рычагов Г.И. Геоморфология берегов и дна Каспийского моря. – М.: МГУ, 1977. – 208 с.
13. Мазбаев О.Б., Асубаев Б.К., Токпанов Е.А. Туристiк iс-эрекеттердi ұйымдастырудың теориялық және әдiснамалық негiздерi // Монография. – Алматы: «Алтын баспа», 2013. – 184 б.
14. Садыков Ж.С., Голубцов В.В., Дуйсебаев Ж.Д. и др. Колебания уровня Каспийского моря и его прогноз // Доклады Национальной Академии наук РК. – 1995. – № 6. – С. 9-19.
15. Справочник по климату Казахстана. Многолетние данные.1971-2000 гг. Алматы – 2004. – 38 с.
16. Яицкая Н.А., Бердников С.В. Многолетняя динамика солености вод Каспийского моря в зависимости от положения уровня моря // Изучение и освоение морских и наземных экосистем в условиях арктического и аридного климата: Матер. Междунар. науч. конф. (6-11 июня 2011 г., Ростов-на-Дону). – Ростов-на-Дону: Изд-во ЮНЦ РАН, 2011. – С.117-120.
17. Kosarev A.N., Kostianoy A.G. Physico-Geographical Conditions of the Caspian Sea // The Caspian Sea environment. – Berlin, 2005. – P. 5-31.

Поступила 18.10.2019

Канд. геогр. наук
 Доктор геогр. наук
 Доктор геогр. наук

А.М. Сергеева
 А.Г. Кошим
 К.Т. Сапаров

ПРИРОДНО-РЕКРЕАЦИОННАЯ ОЦЕНКА КАСПИЙСКОГО МОРЯ И ЕЕ ПОБЕРЕЖЬЕ

Түйін сөздер: гидрологический режим, водный туризм, водный бассейн, климатические условия, туристические районы, рекреационные ресурсы, соленость, река

Поскольку Казахстан не граничит с океаном, в целях туризма важно изучать внутренние водные бассейны. Одним из таких объектов является Каспийское море, которое не в полной мере используется в

туризме. В связи с этим основной целью работы является туристско-рекреационное оценивание гидрологического состояния Каспийского моря. В работе для развития туризма в регионе Каспийского моря были проанализированы особенности водно-ресурсного потенциала и рекреационные возможности. Также были охарактеризованы физико-географическое положение, гидрография и климатические особенности моря. Здесь имеется все необходимое для организации лечебно-оздоровительного туризма и пляжного отдыха. При выполнении работы были использованы сравнительно-географические, статистические методы. Даны туристско-рекреационные характеристики прибрежных стран.

A.M. Sergeyeva, A.G. Koshim, K.T. Saparov

NATURAL RECREATIONAL EVALUATION OF THE CASPIAN SEA AND ITS COAST

Key words: hydrological conditions, recreational assessment, hydrological regime, water tourism, water body, climatic conditions, tourist areas, recreational resources, salinity, river

Since Kazakhstan does not border the ocean, it is important to study inland water basins for tourism purposes. One of these facilities is the Caspian Sea, which is not fully used in tourism. In this regard, the main purpose of the work is a tourist-recreational assessment of the hydrological status of the Caspian Sea. In the work for the development of tourism in the Caspian Sea region, the features of the water resource potential and recreational opportunities were analyzed. The physical and geographical position, hydrography and climatic features of the sea were also characterized. It has everything you need to organize health tourism and beach holidays. When performing the work, comparative geographic, statistical methods were used. The tourist and recreational characteristics of coastal countries are given.